

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Также при изучении сослагательного наклонения в английском языке, нужно учитывать и синтаксические особенности данного наклонения. Например: I should like. (Я желал бы) Кажется, что в данном предложении вообще нет противоположности действительному положению вещей. В этом случае говорящий имеет в виду *Я желаю*, но он как бы маскирует это, оставляя в тени момент волевой, и добивается определенного эмоционально-стилистического эффекта: появляется оттенок скромности и вежливого пожелания. Иногда очень многое зависит от интонации говорящего, а также и от того, как выскажет свое мнение говорящий.

Существует разные способы выражения желания на английском языке. По строению они могут быть простыми, перфектными, аналитическими и синтетическими. В жизни люди очень часто сталкиваются с такими предложениями, в которых смысл погружен в самый фундамент этого предложения. В таких случаях бывает очень сложно выделить сослагательное наклонение, которое в русском и татарском языках является желательным наклонением. Нужно отметить, что выделяя только внешнее строение предложения, бывает очень трудно сделать анализ предложению. Но для того, чтобы лучше разобраться в данном предложении, также нужно изучить и внутреннее строение предложения. В данной работе акцент был больше сделан именно на смысловую сторону предложения.

Список литературных источников:

1. <http://www.homeenglish.ru/> (дата обращения 7. 03. 2016).
2. Кобрина Н. А. Теоритическая грамматика современного английского языка: Учеб. пособие / Н. А. Кобрина, Н. Н. Болдырев, А. А. Худяков. – М.: Высшая школа, 2009. – 378 с.
3. Ильиш Б. А. Строй современного английского языка: Теоритический курс. – Москва: Изд. Просвещение, 1965. – 375 с.
4. Воронцова, Г. Н. Очерки по грамматике английского языка. – М.: Изд. литературы на иностранных языках, 1960. – 226 с.
5. Блох, М. Я. Теоретическая грамматика английского языка: Учеб. – 3-е изд., испр. – М.: Высш. шк., 2000. – 381 с.

ӘОЖ (37.013.42.38:070):004

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ШЕТ ТІЛІ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Искендер Шәрбат Ғабидоллақызы
i.sharbat@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс магистранты
Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі – Д.Х.Байдрахманов

Қазақстан республикасының жоғары педагогикалық білім берудегі реформасы жоғары оқу орындарында өздіктерінен ойлай білетін, мақсат қоюға қабілетті, педагогикалық жағдайларды шеше алатын, оқу-тәрбие үрдісін жоспарлай және оны жүзеге асыра алатын, өзінің қызметін қадағалай және бағалай алатын мұғалімдер дайындауға бет бұруды көздейді. Соған сәйкес қазіргі кезде жоғары білімді педагогикалық білімі бар мамандарға деген талаптар және олардың алдына қоятын міндеттер де күрделене түсті. Заманның талаптарына ілесе алатын мұғалім бұл жаңаша ойлайтын және жаңалыққа жақын тұратын, жаны рухани тұрғыдан бай, шығармашылық тұлға. Өйткені, бүгінгі күні білім беруде жәнәтәрбие жұмысында қызметін шығармашылыққа бейімдейтін, үнемі ізденісте жүретін мұғалімдердің мәртебесі жоғары болып отыр. Тиісінше, оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңа талаптар болашақ мұғалімдерді оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыра алуға дайындаудың жаңаша жолдарын іздестіруді қажет етеді. Олай болса, болашақ мұғалімдер оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда

қазіргі заманның сұраныстарын қанағаттандыратын әдіс-тәсілдер, құралдарды пайдалана алуы үшін олар бұған оқу орындарында дайындалуы көкейкесті болып табылады. Яғни, мұғалімдік мамандыққа білім алып жатқан болашақ мамандардың алған білімі мен мектепке қажетті болып отырған мамандардың арасындағы қайшылықтардың пайда болуынан заманауи мектептің барлық мұқтаждықтарын орындай алатын мамандар дайындауда біршама кемшіліктер болып отырғандығы туралы айтылып отыр.

Қазіргі қоғамды бұқаралық байланыстың медиа-құралынсыз (баспа, баспасөз, телехабарлар, киноматография, радио, ғаламтор желілері) елестету қиын. Ақпаратқа қатысты ашық қоғамның орнауына байланысты өзіндік ізденіске және шығармашылыққа қабілетті, жоғары кәсіптік деңгейі бар, ақпараттық заманда өзін еркін сезіне алатын болашақ мамандарды дайындау мәселесі өте маңызды орынға шықты.

Қоғамдағы ақпарат жылдам өзгеруде және бұл жағдай жеке тұлғалардан біліктіліктерін үздіксіз жетілдіруін, білімдерін қайтадан жаңартып отыруын, жаңалықтардан қалмай іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруін талап етіп отыр.

Бүгінгі күні бұл мәселені медиабілім беру тұрғысынан қарау жиі айтыла бастады. Сонымен, «медиа» түсінігі XX ғасырда «бұқаралық мәдениет» құбылысын анықтап көрсету үшін ғылымға енгізілді («mass culture», «mass media»).

Бүгінгі күнде «масс-медиа» ұғымы бұқаралық байланыс құралдары түсінігімен сәйкес келеді. Оған келесілерді жатқызуға болады: баспасөз, теледидар, радио хабарлар, ғаламтор беттеріндегі ақпарат қайнарлары, кино, видео және т.б. Медианың *визуальды* (баспасөз, фотография, компьютерлік графика); *дыбыстық* (дыбысжазба) және *аудиовизуальды* (киноматография, теледидар, видео, ғаламтор) түрлері бар. Бұқаралық байланыс құралы (медиа) ақпаратты құру, жазу, көшіру, сақтау, тарату, қабылдау және аудиторияда өзара алмасу, тасымалдау сипаттарына ие.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында жетекші мемлекеттердің педагогика ғылымында білім алушыларға медиамәдениет әлеміне бейімделуге, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға және медиамәғлұматтарды дұрыс талдай білуге үйрететін «медиабілім» (media education) бағыты пайда болғандығы белгілі.

Медиабілім (ағыл. *media education* латын. *media* – *құрал*) – студенттерге бұқаралық байланыс құралдарының заңдылықтарын оқытатын, болашақ маманға медиа әлеміне бейімделуге көмектесетін, бұқаралық ақпарат құралдарының тілін меңгертетін, олардың медиялық мәдениет өнімдерін талдау іскерлігін дамытатын педагогикалық бағыт ретінде ғылымға енгізілді.

Педагогиканың жаңа бағыты шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында көрініс тапты. Медиабілім берудің аса маңыздылығын, БАҚ жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану мәселесін шетелдік медиапедагогиканың бірқатар көрнекті ғалымдары (Л.С. Зазнобина [1], Л. Мастерман [2], С.Н. Пензин [3], А.А. Новикова [4], А.В. Федоров [5], А.В. Шариков [6] және т.б.) жан-жақты қарастырды. Ал, БАҚ материалдарын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану жолдарын ұсынған отандық ғылыми-зерттеу жұмыстары (П.Б. Сейітқазы [8], А.А. Тіленбаева [9], С.Абдукадирова [10] және т.б.). Аталған мәселенің көкейкестілігі еліміздің жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісін бұқаралық ақпарат құралдары негізінде ұйымдастыруды жан-жақты зерттеуді, мәселені оңтайлы шешудің жолдарын қарастыруды қажет етеді.

Қазіргі уақытта ақпаратқа қол жеткізу мен әлемдік жаңалықтармен жан-жақты хабардар болудың кең мүмкіндіктері қалыптасқандығы белгілі. Ғаламтор мен бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін қолдануда болашақ маманның іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру аса маңызды.

Болашақ маман бойында өмірлік ұстаным, білімдік және кәсіптік бәсекелестікке төтеп бере алатын, өз мамандығын меңгеруге және біліктілігін арттыруға қажетті ақпараттарды таба алатын және олармен жұмыс істей білетін іскерліктерді қалыптастырудың маңыздылығы артты. Әрине, бүгінгі күнде болашақ маман ретінде жоғары оқу орнының әрбір студенті медианың барлық түрлерімен байланыс жасайды. Бұл қатарда шет тілі пәнін

оқитын студенттер алдыңғы қатарда, олар шетел тілдерін жетік меңгеру және өздік жұмыс тапсырмаларын сауатты орындау үшін шетелдік масс-медиаға көбірек жүгінеді.

Шет тілі пәндерін оқытуда шет тілдерді, коммуникативтік-әдістемелік құзіреттілік пен ғылыми-техникалық әдебиеттерді оқу мен аударуды қолданған жөн. Шет тілі пәндерін жоғары оқу орындарында оқытудағы басты мақсат студенттердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру және дамыту, шет тілдерінде еркін қатынас жасау іскерлігіне баулу болып табылады. Бұл жағдай, ең алдымен студенттердің шет тілі пәнін меңгеру барысындағы танымдық іс-әрекеттерін белсендендіруді қажет етеді.

Жоғары оқу орнында шет тілі пәндерін оқытуда бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын пайдаланудың нәтижелілігін анықтау мақсатында, біздің тарапымыздан арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Арнайы сауалнама негізінде белгілі болғаны бұл, студенттердің шет тілі сабақтарының тапсырмаларын орындауда көбіне ғаламтор мүмкіндіктеріне жүгінетіндіктері, сондай-ақ көп жағдайда ондағы мәліметтердің нақты, шынайы дәйектілігіне көз жеткізбей жатып қолданатындықтары.

Біздің анықтауымызша, білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларды қолдану, бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде шет тілі сабақтарын ұйымдастыру оқыту үдерісінің нәтижелілігін арттырады. Шет тілі пәндерін оқытуда бұқаралық ақпарат құралдарының визуальды (*баспасөз, фотография, компьютерлік графика*); дыбыстық (*дыбысжазба*) және аудиовизуальды (*киноматография, теледидар, видео, ғаламтор*) түрлерін қолдану студенттердің танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал етеді. Шет тілі сабақтарында ғылыми-педагогикалық басылымдар мен ғаламтор мүмкіндіктерін пайдалану студенттердің өздік жұмыстарын (СӨЖ) тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ағылшын не басқа шет тілдердегі аудио және видео материалдарды сабақтарда пайдалану студенттерде интерактивтік, медиялық құзіреттіліктерді дамытады.

Жоғарыда атлаған ғалымдардың пікірлеріне мән беретін болсақ, жоғары оқу орнында шет тілі пәндерінің сабақтарын бұқаралық ақпарат құралдары негізінде ұйымдастыру студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, пәнді жетік меңгеруге қажетті танымдық белсенділіктерін қалыптастырады. Демек, шет тілі пәндерін бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде ұйымдастыру студенттердің білім, іскерлік және дағдыларының артуына оң ықпал ететіндігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зазнобина Л.С. Технология интеграции медиаобразования с различными учебными дисциплинами. // На пути к 12-летней школе. –М., 2000. – С.178-182
2. Мастерман Л. Обучение языку средств массовой информации: теория и практика // Перспективы. Вопросы образования. – 1984. – №2. – С. 37-47.
3. Пензин С.Н. Университет и формирование медиакультуры. –М.: МАКС Пресс, 2003. – С.110-111.
4. Новикова А.А. Теория и история медиаобразования в США (1960-2000): автореферат дис... канд. пед. наук. – Таганрог, 2000. – 16 с.
5. Федоров А.В. Медиаобразование будущих педагогов. Таганрог: Изд-во Ю.Д. Кучмы, 2005. 314 с.
6. Шариков А.В. Медиаобразование: мировой и отечественный опыт. –М., 1990. – 66 с.
7. Шариков А.В. Современное школьное образование и средства массовой информации // Педагогическая философия: проблемы и решения. –Екатеринбург, 1993. – С.39-40.
8. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау. Монография, Астана, 2009 ж.
9. Тіленбаева А.А. Формирование ценностных ориентаций студентов на педагогическую прессу: дисс. канд. пед. наук. – Алматы, 1999 г.
10. Абдукадинова С. Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім сапасын арттырудағы ролі (1952-1972 жж): пед. ғыл. канд. дисс: 13.00.01.–Тараз, 1998. – 191 б.